

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития».** - 2018.- Т.І, Ч.2. - Б.134-136.

ЖАҢА ТУҒАН БҰЗАУЛАРДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ СТАТУСЫН КОРРЕКЦИЯЛАУ ӘДІСТЕРІ

*Терлікбаев А.А., доцент,
Қожабоева С.А, 2-курс студенті*

Жаңа туған бұзаулардың физиологиялық статусын коррекциялау кезінде лактобифадол пробиотигін терапевтикалық тиімділігін анықтау нәтижелері көрсетілген. Алынған нәтиже қорытындыларына сәйкес аталмыш препараттың әсер ету механизмі асқазан-ішек жолдарына белсенді орналасу қабілетіне қарай тіршілікке қабілетті зардапты микроорганизмдерге қарсы биологиялық белсенді метаболиттерді өндіруі болашақта жаңа туған бұзаулардың физиологиялық статусына әсер етуші негізгі пробиотикалық препараттармен қоса пайдалану ұсынылды.

Алғашында жаңа туған бұзауға уыз сүтін уақытында берудің маңызы өте зор. Бұзауларға уыз сүті бірінші рет туғаннан кейін 40-50 минут шамасында берілуі тиіс. Осы уақытта бұзау төрт аяғынан тік тұрып желінін іздей бастағанда, уыз сүтін ему рефлексі аяқталғанша беру қажет [1,2].

Жаңа туған бұзауды аналық малдың өзінің жалап кептіруінің де маңызы бар. Бұл жерде жалаудың массаж ретіндегі және аналық малдың сілекейіндегі лизоцимнің әсерлерін ескерген жөн [3].

Көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер:

1. Жаңа туған бұзаулардың физиологиялық статусына әсер ететін негізгі этиологиялық факторлары мен клиникалық көрсеткіштерінің динамикасын анықтау.
2. Жаңа туған бұзаулардың гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің динамикасын зерттеу.
3. Жаңа туған бұзаулардың физиологиялық статусын коррекциялау үшін лактобифадол пробиотигін терапевтикалық тиімділігін анықтау.
4. Өткізілген зерттеу жұмыстарының экономикалық тиімділігін анықтау.

Зерттеу жұмыстарын Ақмола облысы, Целиноград ауданында орналасқан «Астана-Өнім» АҚ мал шаруашылық кешенінде, ал лабораториялық зерттеулерді С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық Университетінің ветеринарлық медицина кафедрасының зертханасында және «Олимп» клиникалық диагностикалық зертханаларында жүргіздік. Жануарларды клиникалық зерттеу нәтижелері негізінде аналог принципі бойынша (жасы, тұқымы, қондылығы) 20 бас мал таңдап алынып екі топ құрылды. Жануарлар зерттеу басталған күннен бастап күнделікті клиникалық

бақылауда болды: дене температурасы, жүрек жұмысының ырғағы, 1 минуттағы тыныс алу жиілігі және жануардың жалпы жағдайы зерттелінді. Қан және қан сарысуын гематологиялық және биохимиялық әдістермен зерттедік.

Кесте 1 – Жануарларға препараттарды физиологиялық статусын жоғарылату үшін қолданылған схемасы

Топ	Бұзаулар саны	Препараттарды қолдану әдісі
Бақылау тобы	10	Шаруашылықта қолданылатын ем әдісі: Полифил 12.5 мл\кг күніне 1 рет. Тривит витамині 1,5мл\кг дозасында тері астына енгізу
Тәжірибелік Тобы	10	Лактобифадол препаратын 0.2-0.8 г/кг күніне 2 рет және Тривит витамині 1,5мл\кг дозасында тері астына енгізу.

Кесте 2 – Жалпы клиникалық зерттеу көрсеткіштері (препаратты қолданғанға дейін және кейін)

Көрсеткіштер	Норма бойынша	Бақылау тобы (n=10), M±m	Тәжірибелік топ (n=10), M±m
Дене температурасы, °C	38,5-40,0	39,6±0,03	39,1±0,01*
Пульс, мин	99-108	99,2±2,1*	100±1,0*
Тыныс алу, мин	37-39	36,3±2,0*	35,6±1,4*
*- P≤0.05 қалыпты жағдай көрсеткішімен салыстырғанда			

Екінші кестені талдай келе, препараттарды қолданғаннан кейін бақылау тобы жануарларында дене температурасы 0,25°C-қа жоғарылағанын байқаймыз, сонымен қатар, тәжірибелік топтағы жануарларында бұл көрсеткіш физиологиялық норма жағдайында сәйкес келді (39,1±0,01°C). Ал келесі көрсеткіште, бақылау және тәжірибелік топ жануарларында пульс және тыныс алу көрсеткіштері қалыпты жағдайға келген.

Кесте 3 – Бұзаулардың қан сары суындағы кейбір биохимиялық көрсеткіштер /n=10/(препаратты қолданғанға дейін және кейін)

Көрсеткіштер	Бақылау тобы (n=10) M±m	Тәжірибелік топ (n=10) M±m	Қалыпты көрсеткіш
Жалпы ақзат г/л	72,9±3,4	80,1±2,6*	72-86
Альбуминдер %	25,0±0,5*	24,3±0,6*	38-50
б-глобулиндер %	23,7±0,8*	22,6±0,9*	12-20
в-глобулиндер%	17,2±0,7	19,3±1,2	10-16
г-глобулиндер%	29,3±0,8*	30,7±0,6*	25-40

*- $P \leq 0.05$ қалыпты жағдай көрсеткішімен салыстырғанда

Тәжірбиелік топта жануарларында физиологиялық статусы жоғарылату мақсатында лактобифадол препаратын қолдандық. Бақылау тобымен салыстырғанда лейкоциттердің 11,4%, эритроциттердің 22,8 % және гемоглобиннің 15,5%-ға жоғарылағанын, сонымен қатар гематокрит мөлшерінің 9,7%-ға төмендегені анықталды.

Жаңа туған бұзаулардың физиологиялық статусын коррекциялау үшін лактобифадол пробиотигін қолданғаннан кейін жоғары деңгейде терапевтикалық тиімділігі анықталынды. Тәжірбиелік топ жануарларында 6-шы күні, ал бақылау тобында 8 күні физиологиялық статусың көрсеткіштері қалыптасты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Леонтьева И.Л. Физиологический статус телят в раннем постнатальном онтогенезе и способ его коррекции / И.Л. Леонтьева. -- М.: ООО «АР-Консалт», 2017. – 18 с.
2. Алтынбеков, О.М. Профилактика заболеваний желудочно-кишечного тракта у новорожденных телят применением пробиотиков / «Студенческий научный форум», 2013. – С. 34-37.
3. Fuller, R. Probiotics in man and animals Text /R. Fuller // Of Applied Bacteriology, 1989. – 66.0025-1412. – P. 365-378.